

Bibliography

1. Shcherba L. V. Language system and speech activity. M.: Editorial URSS, 2004. 432 p.
2. Kovtun E. V. Radio exchange in the professional speech activity of aviation operators // Young scientists in innovative search: materials of the international. scientific conf. Minsk: MSLU, 2013, pp. 218-224.
3. Manual on the Implementation Proficiency Requirements of ICAO Language. Preliminary edition, 05 April 2020.

DOI 10.53364/24138614_2022_24_1_100

ӘОЖ 811.512.122*373.6

Тулекова Г. Х.

фил.ғ.к., «Авиациялық ағылшын тілі» кафедрасының
профессоры, Азаматтық авиация академиясы, Алматы қ., ҚР.

E-mail: gulnaz.tulekova@mail.ru**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ САЛАСЫНДА
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ДЕҢГЕЙІ****УРОВЕНЬ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА В СФЕРЕ
ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН****THE LEVEL OF FUNCTIONING OF THE STATE LANGUAGE IN THE FIELD OF
CIVIL AVIATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Андатпа. Берілген мақалада мемлекеттік тілдің азаматтық авиация саласында қолданылу деңгейі туралы айтылған. Қоғамдық ортадағы мемлекеттік тілдің қолданылуы тілдік ортаның нығаюымен күшейетіні сөз болады. Қазіргі уақытта мемлекеттік тілдің қолданылуы сауалнама жүргізу арқылы талданған. Мақалада мемлекеттік тілді білу - азаматтық парыз екендігі айтылған

Түйін сөздер: қазақ тілі, мемлекеттік тіл, сауалнама, сұрақ, қоғам.

Аннотация. В статье рассматривается уровень использования государственного языка в отрасли гражданской авиации. В настоящее время использование государственного языка анализируется посредством опроса. В статье говорится, что знание государственного языка является гражданским долгом.

Ключевые слова: казахский язык, государственный язык, анкета, вопрос, общество.

Abstract. The article examines the level of use of the state language in various spheres of society. Currently, the use of the state language is analyzed through a survey. The article says that knowledge of the state language is a civic duty.

Key words: Kazakh language, state language, questionnaire, question, society.

Кіріспе бөлім. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласында (азаматтық және мемлекеттік) тілдік коммуникацияны дамытуда бірнеше лингвистикалық мәселелердің орын алары сөзсіз. Авиация саласында орыс және ағылшын тілдері


қолданылады. Қазақ тілінің конституциялық мәртебесін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде мемлекеттік тілдің авиация саласында қолданылуын жүзеге асыру - кезек таптырмайтын іс. Мемлекеттік тілдің қоғамдық, кәсіби қатынастарда, оның ішінде авиациялық-көлік жүйесінде қолдану аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік беру керек. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту барлық мемлекеттік бағдарламаларда, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жолдауларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының президенті Қ.К. Тоқаевтың жолдауларында және ағымдағы сөйлеген сөздерінде қазақ тілінің 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшуі, оның ішінде терминдер жазу Елбасының Жарлығымен және тапсырмаларымен, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасында қарастырылған. Қазіргі уақытта авиация саласы Қазақстан Республикасының экономикалық өсуінің перспективалық бағыттарының бірі болып табылады. Ол Қазақстанның тұңғыш президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұсынған [1] Қазақстанның мемлекеттік даму стратегиясы - 2050 және мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында көрініс тапқан.[2]. Атап айтқанда «5 институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам», «Ұлт жоспарына» сәйкес, 68-қадам «Қазақстан арқылы авиатранзиттің тартымдылығын арттыру үшін авиатранзитті мемлекеттік реттеудің тиімділігін жақсарту» үшін арналғаны белгілі. [3].

Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі Президенттік жарлықта қарастырылған [4]. Қазақ тілінің қызмет аясын одан әрі кеңейту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында «Тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада» көзделген [5]. 2021 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми мәліметтері бойынша түлектердің 85% қазақ мектептерін бітіреді. Бұл біздің азаматтарымыз, экономиканың барлық салаларының болашақ мамандары және олардың қазақ тілін өздерінің кәсіби қызметінде пайдалануға толық құқығы бар. Қазақ тілін қолдану аясын авиация саласында одан әрі кеңейту, сонымен қатар сол салада кездесетін қазақ тіліне байланысты лингвистикалық зерттеулерді талдау мемлекеттік тілдің дамуына үлес қосады деп есептейміз. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV Заңының «Әуе қозғалысына қызмет көрсету немесе әуе қозғалысын басқару кезіндегі радиобайланыс» ережесінің 30-бабының 6-тармағында: «Қазақстан Республикасының аумағында радиотелефон байланысы қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады» делінген [6]. Алайда, іс жүзінде авиацияда (азаматтық және мемлекеттік) тек орыс және ағылшын тілдері қолданылады. Радиобайланыстың қазақ тілінде қолданылмауы, аталған мәселені зерделеу, себептерін анықтау, шетелдік тәжірибені зерттеу арқылы тиісті әдістемелер мен нұсқаулықтарды дайындау, осы салада қазақ тілін енгізудің ұшу қауіпсіздігі деңгейіне әсерін талдау қажеттігі туындайды. Бұл зерттеу қолданбалы сипатқа ие, сондықтан осы арқылы Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының ұшу және диспетчерлік құрамының кәсіби құзыреттерін сапалы арттыруға ықпал етеді. [7].

Негізгі бөлім. Азаматтық авиация саласында мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданылу деңгейін анықтау мақсатында авиация саласының мамандарына арналған сауалнама жүргізілді.


Аталған сауалнамаға авиация саласының 29 маманы қатысты. Төменде берілген сауалнаманың қорытындысын 10 диаграмма арқылы көз жеткізуге болады. «Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласында жалпы мемлекеттік тіл-қазақ тілі қолданыла ма?» деген 1-сұрақ бойынша 55,2 %-ы қолданылады, 31 %-ы ішінара қолданылады деп жауап берген. Аталған сұрақ бойынша мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейінің жоғары екендігін көруге болады.

1-диаграмма .«Google forum survey» сайты




Екінші диаграмма бойынша «Авиация саласына байланысты қолданыстағы заңнама, ережелерде қазақ тілінің жүзеге асырылу деңгейі қандай?» деген сұраққа 48,3 %-ы жоғары деп бағалаған. 34,5 %-ы орташа деп жауап берген. Берілген сұрақ бойынша да қазақ тілі мәртебесінің өскендігін байғауға болады.

2-диаграмма. «Google forum survey» сайты




Үшінші диаграммадағы «Авиация саласының мемлекеттік құжат айналымында қазақ тілі қолданыла ма?» деген сауалға 48,3 %-ы «иә» деп жауап берсе, 34,5 %-ы «білмеймін» деп жауап берген.

3-диаграмма. «Google forum survey» сайты




Төртінші диаграммадағы «Әуежайда, ұшақ ішінде қазақ тілінде хабарланатын хабарламаларды қалай бағалайсыз?» деген сұраққа 37,9 %-ы «өте жақсы» деп жауап берсе, 10,3 %-ы «төмен» деп жауап берген. Осы сұрақтың маңыздылығына келетін болсақ, әуежай қызметкерлерінің әлі де болса мемлекеттік тілді білуге ден қоюы керек дегенді айтар едік.

4-диаграмма. «Google forum survey» сайты




Бесінші диаграммада берілген «Тіркеуде, тексеруде, (досмотр), ұшу кезінде тасымал қызметінің мамандарымен қай тілде сөйлесесіз?» деген сұраққа 55,2 %-ы «қазақ, орыс тілінде» деп жауап берсе, 24,1 %-ы «тек орыс тілінде» деп жауап берген. Аталған мәселе бойынша қазақ тілінде әлі де болса көбірек сөйлеу қажеттілігі аңғарылады.

5-диаграмма. «Google forum survey» сайты




Алтыншы диаграммада берілген «Ұшақ ішінде экипаж мүшелері (ұшқыш, экипаж командирі, әуесерік) қазақ тілінде дұрыс сөйлей ала ма?» деген сұраққа 55,2 %-ы «Қазақ тілінде хабарланатын хабарламаларға көңілім толады» деп жауап берсе, 27,6 %-ы «Хабарланатын мәтін сөзін түсініксіз айтады» деп жауап берген. 10,3 %-ы «Дауыс дикциясы дұрыс емес» деп бағалаған. Олай болса, ұшу экипажы мүшелерінің де мемлекеттік тілде өз білімдерін жетілдіру бойынша оқу курстарына бару керектігі көзделеді.

6-диаграмма .«Google forum survey» сайты




Жетінші, сегізінші диаграмма көрсеткіштері көрсеткендей, авиация саласының мамандарына мемлекеттік тілді меңгеру, оны қызмет барысында қолдану керектігі анықталған.


7-диаграмма. «Google forum survey» сайты



8-диаграмма. «Google forum survey» сайты



9-диаграмма. «Google forum survey» сайты



Сауалнаманың тоғызыншы диаграммасы бойынша азаматтық авиация саласының мамандарының қазақ тілі курсына қатысуға деген ынта-ықыласын байқауға болады.

Оныншы диаграммада «ҚР азаматтық авиация саласында мемлекеттік тілдің (қазақ тілінің) қолдану дәрежесін көтеру үшін қандай ұсыныс айтар едіңіз?» деген қорытынды сұрақ қойылды. Аталған сұраққа 37,9 %-ы «Авиация саласына байланысты ережелерге қазақ тілін барынша қолдану бойынша өзгерістер енгізу керек» деп жауап берсе, 27,6 %-ы «Әуекомпаниялар, жекеше авиациялық орталықтар, т.б. қазақ тіліне басымдық беру керек» деп қолдау көрсеткен.

10-диаграмма. «Google forum survey» сайты



Қорытынды. Арнайы жүргізілген сауалнама қорытындысы қазақ тілінде сөйлейтін авиация саласының мамандар санының көбею керектігін көрсетеді. Мемлекеттік тілге деген қажеттілік тәуелсіздігімізден бастау алып, заман талабына сай күннен күнге артып келеді. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында мемлекет тарапынан нормативті-құқықтық кесімдер мен бағдарламалар қабылданып, түрлі іс-шаралар атқарылып жатыр. Атап айтқанда, еліміздің 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясынан бастап 1997 жылғы 11 шілдедегі «Тілдер туралы», Қазақстан Республикасының заңдарының қолданысқа енуін мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, өрісін кеңейту үшін жасалған қадамдар деп қабылдадық. Түркі тілдерінің ішіндегі ең бай, ең сұлу, ең көркем, мәнді де мағыналы тіл – қазақ тілі екені сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, біздің көкейімізге ең алдымен Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Біз тегіміздің – Түркі, дініміздің – Ислам, тіліміздің – қазақ тілі екенін ешқашанда ұмытпауымыз керек!» деп ұрпаққа салмақты ұран тастаған мағыналы сөзін естен шығармауымыз қажет. [8].

Тіл – асыл қазына, рухани мұра. Олай болса, ана тіліміздің өркендеп өсуіне, еркін қанат жаюына үлес қосу кез-келген қазақ азаматының міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының, Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. Ақорда, 2012 ж.

2. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстандағы тұрақтылық пен өркендеудің негізі», Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. Ақорда, 2019 жыл.

3. Н. Назарбаев. «5 институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспары.

4. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латынға көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығы.

5. «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы бекітілген № 1045 Қаулысы.

6. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы.

7. «Ұшу және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезіндегі радиоалмасу фразеологизмдерінің ережелері», Көлік және коммуникация министрінің м.а-ның Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 қазанда бекітілген №454 Бұйрығы.

8. Ана тілі газеті, 2020 ж. № 1 саны

References

1. «Qazaqstan-2050» Strategiasy: qalyptasqan memlekettiń jańa saıası baǵyty», Qazaqstannyń Tuńǵysh Prezidenti – Elbasynyń, Qazaqstan Respýblikasynyń Prezidenti – Ult kóshbasshysy Nursultan Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy. Astana. Aqorda, 2012 j.
2. «Syndarly qoǵamdyq dialog – Qazaqstandaǵy turaqtylyq pen órkendeýdiń negizi», Qazaqstan Respýblikasynyń Prezidenti Qasym-Jomart Toqaev. Memleket basshysynyń Qazaqstan halqyna Joldaýy. Astana. Aqorda, 2019 jyl.
3. N. Nazarbaev. «5 institýsionaldyq reformany júzege asyryú boıynsha 100 naqty qadam» Ult jospary.
4. «Qazaq tili álipbiin kirillitsadan latynǵa kóshirý týraly» Qazaqstan Respýblikasy Prezidenti N.Á. Nazarbaevtyń 2017 jylǵy 26 qazandaǵy № 569 Jarlyǵy.
5. «Qazaqstan Respýblikasynda til saıasatyn iske asyrydyń 2020-2025 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy», Qazaqstan Respýblikasy Úkimetiniń 2019 jylǵy 31 jeltoqsandaǵy bekitilgen № 1045 Qaýlysy.
6. «Qazaqstan Respýblikasynyń áye keńistigin pardaalaný jáne aviatsıa qyzmeti týraly» Qazaqstan Respýblikasynyń 2010 jylǵy 15 shildedegi Zańy.
7. «Ushý jáne áye qozǵalysyna qyzmet kórsetý kezindegi radioalmasý frazeologızmderinıń erejeleri», Kólik jáne kommýnikatsıa ministriniń m.a-nyń Qazaqstan Respýblikasynyń 2010 jylǵy 15 qazanda bekitilgen №454 Buıyǵy.
8. Ана тілі газеті, 2020 ж. № 1 саны

DOI 10.53364/24138614_2022_24_1_106

УДК 565.222

Куанышбеков А. Е., магистрант

Научный руководитель: **Асильбекова И. Ж.**, к.т.н., профессор
Академия логистики и транспорта, г. Алматы, РК.

¹E-mail: aish.kk@mail.ru

²E-mail: a.indira71@mail.ru

ПРИМЕНЕНИЕ ПЕРСПЕКТИВНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ ЦИФРОВИЗАЦИИ И ВНЕДРЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИИ В ЭЛЕКТРОННОМ ДОКУМЕНТООБОРОТЕ

APPLICATION OF PROMISING DIRECTIONS OF DIGITALIZATION AND INTRODUCTION OF MODERN TECHNOLOGIES IN ELECTRONIC DOCUMENT MANAGEMENT

ЦИФРАНДЫРУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ БАҒЫТТАРЫН ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫНА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Аннотация: Применение цифровых технологии на основе электронного документооборота расходы и сроки доставки могут быть снижены, кроме того оптимизация маршрутов, направлений материальных и информационных потоков, в том числе сокращение времени существования в цепях поставок.